

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 қазандағы N 1013 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Оралмандардың 2005 - 2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 51, 674-құжат; 2006 ж., N 42, 456-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлыққа 3-қосымша алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде оралмандардың 2007 жылға арналған көшіп келу квотасын облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) б о й ы н ш а т а р а т ы п б ө л с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті